

2014 жылға арналған Қазалы ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 394 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда № 4586 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Қазалы ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қазалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы "2013 жылға арналған Қазалы ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4462 болып тіркелген, 2013 жылғы 22 маусымда "Тұран-Қазалы" газетінде жарияланған) N 119 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Б.Жарылқапқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

С. Мақашов

Қазалы ауданы әкімдігінің
2013 жылғы "25" желтоқсандағы
N 394 қаулысына қосымша

2014 жылға арналған Қазалы ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар.
2. 50 жастан асқан жұмыссыз тұлғалар.
3. Отбасында бірде-бір жұмыс істемейтін тұлғалар.
4. Бір жылдан ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар.
5. Техникалық және кәсіби білім беру орындарының түлектері.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК